

Б.Қ. Исабек ^{*1}, А.М. Абилаханова ² Б.М. Козбагарова ³

¹Тарих ғылымдарының кандидаты, доцент,

Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті,
Қазақстан Республикасы, Шымкент қаласы, E-mail: barsha73@mail.ru

²Өзбекәлі Жәнібеков атындағы педагогикалық университетінің PhD докторанты,
Қазақстан Республикасы, Шымкент қаласы, E-mail: aabilakhanova@mail.ru

³Физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі
мұғалімі, Қазақстан Республикасы, Шымкент қаласы) E-mail: Kozbagarova74@mail.ru

ҰЛТ РУХЫН ҰЛЫҚТАҒАН ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКОВ МҰРАЛАРЫНЫҢ ТӘРБИЕЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

Аңдатпа

Мақалада ХХ ғасырдың коммунистік жүйе мен тәртіп, мораль мен партиялық талап адам санасын қысып тастаған, ұлттық сананы өшіріп, коммунистік идеология насихатталған мәңгірт-тік заманда ноқтаға басы сыймаған қайраткер, ұлтжанды дара тұлға Өзбекәлі Жәнібековтың қызметі мен рухани мұрасы жан-жақты сараланады. Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері тарихшы-этнограф, ғалымның қазақ халқының салт-дәстүрі мен төл мәдениетінің жаңғыруына үлес қосып 62 жыл атаусыз қалған Наурыз мейрамын елге қайтарып, қазақ өнерінде ерекше орны бар айтысты жағғыртып, Алаш қайраткерлерінің ақталуына белсенділік танытқан Өзбекәлі Жәнібековтың қызметіне тарихи талдау жүргізіледі.

Мәдениет министрлігі қызметінде атқарылған жұмыстарының тарихи маңыздылығы саралан-ды. Сол кезде елімізде 400 жуық археологиялық нысандар қалпына келтірілді. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі, «Әзірет Сұлтан» кесенесін атап өтуге болады. Мақалада 1989 жылы Тайқазанды елге қайтарудың тарихи естеліктері қарастырылады. Өзбекәлі Жәнібеков өнердің жанашыры ретінде атқарған қызметтері. «Шертер», «Адырна», «Алтынай» атты фальклорлық өнер ансамблдерін ұйымдастыруының маңыздылығы айқындалады.

Мақалада «Қазақтың ұлттық қолөнері», «Жаңғырық», «Уақыт керуені», «Жолайрықта», «Ежелгі Отырар», «Тағдыр тағылымы» шығармалары мазмұнының педагогикалық аспектілері қарастырылады.

Кілт сөздер: Өзбекәлі Жәнібеков, тарихи тұлға, мәдениет, ұлттық тәрбие, Ө. Жәнібековтың шығармалары.

Исабек Б.Қ. ^{*1}, Абилаханова А.М. ² Козбагарова Б.М. ³

¹Кандидат исторических наук, доцент, Южно-Казахстанский педагогический университет имени Узбекали Жанибекова, (Казахстан, город, Шымкент) E-mail: barsha73@mail.ru

²PhD докторант Южно-Казахстанского педагогического университета имени Узбекали Жанибекова, Казахстан, город, Шымкент) E-mail: aabilakhanova@mail.ru

³Назарбаев Интеллектуальная школа физико-математического направления, учитель (Казахстан, город, Шымкент), E-mail: Kozbagarova74@mail.ru

ВОСПИТАТЕЛЬНЫЕ ЦЕННОСТИ НАСЛЕДИЯ УЗБЕКАЛИ ЖАНИБЕКОВА

Аннотация

В статье всесторонне рассматривается деятельность и духовное наследие Узбекали Жанибекова, самобытной националистической личности, деятеля, не вписывающегося в систему ХХ века, когда коммунистический строй и порядок, мораль и партийные требования угнетали сознание человека, стирали национальное сознание и пропагандировали коммунистическую идеологию.

Будет проведен исторический анализ деятельности Узбекали Жанибекова, видного государ-ственного и общественного деятеля историка-этнографа, ученого, внесшего вклад в возрождение традиций и культуры казахского народа, вернув в страну 62 года безымянного праздника Наурыз мейрамы, который занимает особое место в казахском обществе и традиции. Узбекали Жанибеков проявляет активность в реабилитации Алашских деятелей.

Проанализирована историческая значимость работы У.Жанибекова, проделанной в деятель-ности Министерства культуры. На тот момент в стране было восстановлено около 400 археологических объектов. Можно отметить мавзолей Кожа Ахмеда Ясауи, мавзолей «Әзірет Сұлтан». В статье рассматриваются исторические воспоминания о возвращении Тайказана в 1989 году. У. Жанибеков сторонник искусства. Определена значимость организации ансамблей фольклорного искусства "Шертер», «Адырна», "Алтынай".

В статье рассматриваются педагогические аспекты содержания произведений «Қазақтың ұлттық қолөнері», «Жаңғырық», «Уақыт керуені», «Жолайрықта», «Ежелгі Отырар», «Тағдыр тағылымы»

Ключевые слова: Узбекали Жанибеков, историческая личность, культура, воспитание.

*Isabek B. *¹, Abilakhanova A. ², Kozbagarova B. ³*

*¹Candidate of Historical Sciences, Associate Professor,
South Kazakhstan Pedagogical University named after Uzbekali Zhanibekov
Kazakhstan, city, Shymkent. E-mail: barsha73@mail.ru*

*²PhD doctoral student at South Kazakhstan Pedagogical University named after Uzbekali
Zhanibekov,*

Kazakhstan, city, Shymkent. E-mail: aabilakhanova@mail.ru

*³Nazarbayev Intellectual School of Physics and Mathematics, teacher
Kazakhstan, city, Shymkent. E-mail: Kozbagarova74@mail.ru*

EDUCATIONAL VALUES OF THE HERITAGE OF UZBEKALI ZHANIBEKOV, WHO GLORIFIED THE SPIRIT OF THE NATION

Abstract

The article comprehensively examines the activities and spiritual legacy of Uzbekali Zhanibekov, an original nationalist personality, a figure who did not fit into the system of the 20th century, when the communist system and order, morality and party demands oppressed human consciousness, erased national consciousness and propagandized communist ideology.

A historical analysis of the activities of Uzbekali Zhanibekov, a prominent statesman and public figure, historian-ethnographer, scientist who contributed to the revival of traditions and culture of the Kazakh people, returning to the country 62 years of the nameless holiday Nauryz Meiramy, which occupies a special place in Kazakh society and tradition, will be conducted. Uzbekali Janibekov is active in the rehabilitation of Wallachian figures. The historical significance of U.'s work is analyzed. Zhanibekov, carried out in the activities of the Ministry of Culture. At that time, about 400 archaeological sites had been restored in the country. It is possible to note the mausoleum of the Skin of Ahmed Yasawi, the mausoleum of "Aziret Sultan". The article examines historical memories of the return of Taykazan in 1989.

U. Dzhaniibekov is a supporter of art. The importance of the organization of the ensembles of folk art "Sherter", "Adyrna", "Altynai" is determined. The article discusses the pedagogical aspects of the development of "Kazakh National Crafts", "Echo", "caravan of time", "Crossroads", "ancient Otyrar", "Destiny's lesson".

Key words: Uzbekali Dzhaniibekov, historical personality, culture, upbringing.

Кіріспе.

Кез келген мемлекеттің тарихы мен мәдениетін жаңғыртатын, ұлттың мұрасын келер ұрпаққа насихаттай білетін тұлғалар болады. Солардың бірі әрі бірегейі - көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, халық мұрасын жинап, оны қазақ мәдениетінің алтын арқауына айналдырған тарихшы - этнограф Өзбекәлі Жәнібеков. XX ғасырда, коммунистік жүйе мен тәртіп, мораль мен партиялық талап адам санасын қысып тастаған, ұлттық сананы қшіріп, коммунистік идеологияны миға қинап кіргізген мәңгүрттік заманда ноқтаға басы сыймаған қайраткер, ұлтжанды дара тұлға. Кеңестік идеологияның қысымына қарамастан қазақ зиялылары Жүсіпбек Аймауытов, Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатов, Шәкәрім Құдайбергенов есімдерінің туған халқына қайта оралуына белсене ат салысты. Өзбекәлі Жәнібеков естелігінен үзінді келтірер болсақ: «Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, әсіресе Міржақып Дулатов секілді аса көрнекті мәдениет қайраткерлерін ақтаудың бізге қанша күшке түскені де есімізде. Тіптен Алашорда қозғалысына байланысты оның бірде бір құжатын қолына ұстамаған жолдастардың «алашорда-шыларды ақтап жатыр» деп бізге айдар таққысы келгенін қалай ұмытарсыз. Ал кейіннен бүкіл Қазақстан болып олардың шығармаларын қандай құштарлықпен оқыды десеңізші» [1, 43-44 бб.]. Қазақ халықын Өз наурыз мерекесімен қауышуына үлес қосты. Өзбекәлі Жәнібековтың естелігінен: «Наурыз «Жыл басы – жаңа күн – Ұлыстың ұлы күні» ретінде көне заманнан 1926 жылға дейін тойланып келген. 1920 жылдардың шолақ белсенділерінің саяси «қырағыларының» салдарынан діни мереке деген сылтаумен... 62 жыл бойы атаусыз қалғаны қиянат еді. Мұның алдында осы мәселені Мұқтар Шаханов та газет бетінде көтерген болатын! Ия, Наурыз халқына осылай оралған болатын...». 1988 жылы Алматы облысы мен Алматы қаласында Наурыз мейрамы өткізілді. Жамбыл ауданындағы мереке Ақпан айына ілесе келетін Наурызды қарсы алу көрінісінен басталды. Түркі әлемінің рухани мұрасы болып табылатын Қожа Ахмет Яссауи кесенесінің қалпына келтіру жұмыстарын бастап, Тайқазанды Отанымызға қайтарды. Көптеген музейлер ашып, ана тілін дамыту бағдарламасының мемлекеттік тұжырымдамасын жасауға қатысып, «Қазақ ұлттық қолөнерінің мәдениеті», «Эхо...», «Жаңғырық», «Уақыт керуені», «Жолайрықта», «Ежелгі Отырар», «Тағдыр тағылымы» атты еңбектерін жарыққа шығарды. Қазақ мәдениеті мен салт-дәстүрлерінің кеңес үкіметі кезеңінде жойылып кетпеуіне үлес қосқан тұлғалар мен зиялы азаматтардың қазыналы еңбектерін зерттеу, оны насихаттау бүгінгі ұрпақтың парызы. Өзбекәлі Жәнібеков XX ғасырда түрлі қызметтерді атқара отырып, төл тарихымыз бен салт-дәстүрлерімізді қайта жаңғыртқан тарихи тұлға.

Өзбекәлі Жәнібековтың тарихи рухани мұрасын бір немесе бінереше зерттеу жұмыстарымен шектеу мүмкін емес. «Шертер», «Адырна», «Алтынай», «Сазген», «Сырнай» секілді көптеген өнер ұжымдарының тұсауын кесіп, халқымыздың жойылып бара жатқан музыкалық көне аспап-тарының қайта жаңғыруына себепші болды. Отырар, Өзірет Сұлтан, Тараз, Үстірт секілді елді мекендерде этнографиялық музейлер ашылып, Қазақстанның мәдени ескерткіштерін сақтау мен қалпына келтіру мақсатын көздеген «Арқас» және шет елдерінде тұратын отандастарымызбен мәдени байланыс жасайтын «Отан» («Қазақстан») қоғамдары құрылды» [1, 77 б.].

Шымкент қаласындағы Шығыс жастарының көсемі Ғани Мұратбаевтың ескерткішінің орнатылуына, Отырардағы Арыстан баб, Түркістандағы – Қожа Ахмет Яссауи кесенелерінің қалпына келтірілуіне т.б көптеген жақсы істердің бастамасына қамқоршы бола білді. Қазақ мәдениетін жаңғыртумен қатар, еліміздің әлеуметтік – экономикалық жағдайына да араласып өз үлесін қосты. Бетпақдаланы игеруге, Шардара су қоймасын салуға, Арыс - Түркістан каналын қазуға ұйытқы болуы соның бірден бір дәлелі.

Өзбекәлі Жәнібекотың өмірі туралы айтылып, жазылып та келеді. Алда да айтыла бермек. Өзбекәлі – қазақ халқының XX ғасырдағы біртуар перзенттерінің бірі, Оған қиядан атойлап шығып, қисынын тауып, қамал бұзарлық қайраткерлік тән еді. Ол тыңнан жол табатын, реформатор, өзіндік ізі бар, өзіндік жігері бар, құрыштан сомданып құйылған батыр, ғалым, қайраткер, өнерпаз азамат ретінде қазақ тарихында есімі қатталды деді академик, тарих ғылымдарының докторы Манаш Қозыбаев.

Адырбек Баянның Өзбекәлі Жәнібеков: ғұмырнамалық деректі хикаят атты 2021 жылы шыққан еңбегінде қылышынан қаны тамып тұрған коммунистік қоғамда жарық дүниеге келіп, жетім-дік тақсиретін тарта жүріп ер жетіп, өршелене өсіп, ұлтына қызмет етуден бір танбай өткен өршіл мемлекет және қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібек. Заманынан оза туған ұлттық болмысты азаматтық қайреткерлік қалыптасу жолы һәм қазақтың музей ісі, ұлттық киім үлгілері, ұлбық өнері (ән, би, сәулет) хақында терең тебіреністі этнолог ғалым болып қалай қалыптасқаны жайында туындыгер дәйекті әңгіме сабақтайды.

Арысбек Тәжіұлының 2021 жылы жарық көрген «Тау тұлға» еңбегінде Ғани Мұратбаевтан кейін жастарға жетекші көсем бола білген, әлденеше буын ұрпақты жаңа бағытта тәрбиелеген рух сардары – Өзбекәлі Жәнібековтың отаншыл азамат, қайраткер, этнолог-ғалым ретіндегі тұлғасы сараланады. Ергөбек Құлбек 2021 жылы шыққан «Ұлтымыздың Ұйытқысы» атты еңбегі – жастарға жетекші көсем бола жүріп көркем тәрбиелеген, қазақ идеологиясында реформаторлықтан танбаған мемлекет және қоғам қайраткері, қазақ ұлтының ұйытқысы бола жүріп әлденеше буын руханият сарбаздарын жаңа бағытта қалыптап, қанаттандырған рух сардары Өзбекәлі Жәнібеков отаншыл ойшыл азамат, досқа адал таза рухты азаматтың қызыметі туралы баяндалады.

Өзектілігі: мақалада ұлтымыздың ұлы мұралары мен жәдігерлерінің сақталып қалуына үлкен үлес қосқан Өзбекәлі Жәнібековтың өскен ортасы, қызмет жолы, мемлекеттік және қоғамдық істерін зерделеу, мұралары мен шығармаларын насихаттау арқылы жастардың азаматтық көзқара-сы мен ой-пікірлерінің құндылығы көрсетіледі. Өзбекәлі Жәнібековтың өмірі мен қоғамдық, мемлекеттік қызметі жайлы деректер болып табылатын автордың тарихи мұраларының ғылыми-лығы зерледенеді.

Мақсаты мен міндеттері: Өзбекәлі Жәнібеков тарихи тұлғаның өмірі мен еңбектерін зерттей отырып, деректер қатарын толықтыру және тұлғаның есімін елге таныту.

Мақсатқа жету үшін мынадай міндеттер шешімін тапты:

- Өзбекәлі Жәнібековтың өсен ортасы, туған жері туралы деректерді саралау;
- Өзбекәлі Жәнібековтың қазақ халқының мәдениеті мен тарихының сақталуына қосқан үлесіне архивтік құжаттар негізінде сараптама жасау;
- Өзбекәлі Жәнібековтың тұлғалық бейнесін айқындайтын қоғамдық және мемлекеттік істері жазылған автордың шығармаларына тарихи талдау жүргізу.

Материалдар және Методология.

Материалдар.

Ғылыми зерттеу мақаласын жазуға Өзбекәлі Жәнібековтың еңбектері, Қазақстанда жарық көрген ғылыми еңбектердегі материалдар пайдаланылды. Сондай-ақ, ғұмырнамалық деректік еңбектерге талдау жасау іске асырылып, оларға сілтемелер жасалынды. Осы бағытта тарихи салыстырмалы талдау және жүйелі-құрылымдық түсіндірмелі әдістер қолдану арқылы ғылыми мақаланы дайындауға пайдаланылды.

Методология. Өзбекәлі Жәнібековтың тарихи рухани мұрасын жүйелі түрде насихаттап жүрген М.Жолдасбеков., Н.Жотабаев., Б.Мәжитұлы., Ж.Өмірбековтердің естеліктерінде жарияланған. Десекте, Өзбекәлі Жәнібековтың мұраларын зерттеп жатқан ғылыми ізденістер мен басылым-дар саны шектеулі. Ол жайлы тек естелік кітаптар мен газеттерде мақалалар жарық көрген. Нұржан Әбілдаев пен Айғаным Серім Өзбекәлі Жәнібековтың этнологиялық ғылыми еңбектерін-де шаруашылық түрлері мен материалдық мәдениет үлгілерінің зерттелуі және Өзбекәлі Жәнібек және қазақ өркениеті деген тақырыптарда зерттеу жүргізген. Бұл еңбектерде Отрар өркениетін зерттеуші, Наурыз тойы туралы, Тарихи жәдігерлерді жаңғыртушы, музейтанушы, өнер жана-шыры, би өнері тарихын зерттеуші, Қазақтың тұрғын үй тарихын зерттеуші, Ұлттық киім үлгі-лерін зерттеуші сияқты бөлімдерде Өзбекәлі Жәнібековтің ғылыми зерттеу еңбектері зерделенген. Бұл зерттеуде Өзбекәлі Жәнібеков тұлғасының қыр сыры жан-жақты сараланады. Мысалы этнограф ретіндегі халықтың тұрмыс тіршілігінің ерекшеліктеріне терең әрі мазмұнды зерттеген ғалым тұрғысынан жоғары бағаланады» [1, 93 бб.].

Өзбекәлі Жәнібековтың тұлғасын төмендегі үш ерекшелік айшықтайды: біріншісі – ол туған-туыстарын қызметке тартқан жоқ. Екіншісі – ол ешкіммен жең ұшымен жалғасып жұмыс істеген жоқ. Үшіншіден – мұрағат ақтарумен, кітап кемірумен, қазақтың кең байтақ даласын жаяу шарлап, әр үйдің төрінен жәдігер іздеумен өмірі өтті. Ұлтын ұлықтаған азаматтың мұрасын зерттеу өз маңыздылығын жойған жоқ деп есептейміз.

Талқылау:

Өзбекәлі Жәнібеков – адамнан азамат шығаратын, баладан дана жасап, шығаратын құдыретті ұстаз. Өзінің уақытын аямау, өзгенің бақытын аялау ұстазға ғана тән. Өзбекәлі Жәнібеков арда туып, өмірде арман қуған жан. Адамдардың неге қабілеті бар, соны өсіруге күш-жігерін жұмсаған жан, өнер жанашыры деді халқымыздың көрнекті ғалымы, академик Зейнулла Қабдолов.

Өзбекәлі Жәнібеков жастайынан оқуға ынталығы арты, өзінің еңбек құлшынысының арқасында, үлкен лауазымды, мемлекет, қоғам қайраткерлігіне дейін өсуі әр азаматтың өмірлік тағдырында бола бермейтін дарын екендігі белгілі. Өмір жолы бүгінгі және өткен өз заманынан бастап, бағдар шамдай, даңғыл жолдай, білім, ғылым әлеміне алып барар өнегелі тәрбие мектебі. Заманында екінші Аристотель атанған Отырардан шыққан философ, энциклопедист ғалым Әбу Насыр ибн Мухаммед Әл Фарабидің жерлесі Өзбекәлі Жәнібеков қазіргі Түркістан облысы, Отырар ауданына қарайтын Сарқырамас мекенінде 1931 жылдың 28 тамызда дүние есігін ашады. Есімінің шығу тарихын Өзбекәлі атамыз былай баяндайды: «Ескі дәстүрмен ата-анам көршілерін шақырып, шілдехана жасап, ауылдағы ең қадірмен көнекөз қарт Өзбек ақсақалдың құрметіне Өзбекәлі деп ат қойыпты» [2, 39 б.]. Өмір жолының деректерін зерттеу нәтижесі қазақ халқы тарихының қиын қыстау кезеңдерімен сәйкес екендігіне көз жеткіздік. Тарихымыздың нәубеті болған ашаршылық кезеңінде дүние есігін ашып, балалық шағы қазақ даласында мал мүлікті тәркілеп ұжымдастырудан бастау алып, Алаш зиялыларының репрессияға ұшырап қырылған кезеңіне сәйкес келсе, орта білім алған уақыты Ұлы Отан соғысымен қатар келеді. Сол кездегі қоғамда болып жатқан қиын қыстау кезең Өзбекәлі Жәнібековтың отбасындағы қайғы қасіреттен ауыр болмайды. Әкесі-Жәнібек Құдиярұлы, Өзбекәлі туған соң, көп ұзамай қайтыс болады. Анасы-Қаныша Томашқызын туысқандарының бірі - Серім Сейітбекұлына әмеңгерлік жолымен қосады. Бауыры Спандияр Ұлы Отан соғысы кезінде хабарсыз кетеді.

1938 жылы мектеп табалдырығын аттаған бала Өзбекәліге зейінін ашуға әпкесі Мәдине ықпал етеді. Алайда ол кісиде көп ұзамай қайтыс болады. Тоғыз жасқа келер келес жазылмайтын дертке ұшыраған анасы да бақи болады. Өміріндегі бұл қайғылы жағдайды Өзбекәлі Жәнібеков былай еске алады: «Ертеңіне сәскеге таман Рахия шешеміз шайлаға барып келіп, мені оятып: балам, басыңды көтер, шешеннен айырылыпсың дегенді айтты. Жылайын десем, көзімнен жас шықпай-ды, сіресіп қатып қалыппын. Сол күні кешке қарай апамды Арыстанбаб әулиенің маңындағы ескі мазаратқа жерледік. Мен болсам іштей тебіренгендіктен бе, әлде бойымды күйініш сезім биледі ме, әйтеуірапамның денесін жерге бергенде де көзімнен жас шықпай, іштей тынып тұра беріппін. Бәлкім баланың қиял елесі болар, осы бір сәтте менің көзіме әулиенің үстінен көк түтін көрінгендей болды...» [2, 63-65 бб.]. Өмірі қилы тағдырға тірелгенде қазақтың дәстүріне сәйкес туыстары жиылып бала Өзбекәлінің болашақ тағдырын талқыға салып, ақылдаса келе, оны Серімнің үлкен ұлы Қожаның қолына беруге келіседі. Оған негізгі себеп – Қожаның әйелі Зәкияға, оның екі жасар ұлы Төреханды, әлі жүре қоймаған қызы Мырзақүлді тәрбиелеуге көмектеседі деген ой еді. Ұлы Отан соғыс жылдарында көптеген балалар көнкөріс қамына кірісіп, оқуды тастайды. Болашақта елеге баға жетпес қызмет ететінін бала кезінде сезген Жәнібек оқуына зейін қойып жақсы оқиды. 1945 жылдың күзінде жетіжылдықты бірітіп, аудан орталығы Шәуілдірдегі Жамбыл атындағы орта мектептің сегізінші сыныбына оқуға түседі. Интернатта оқып жүрген сәттерін Өзбекәлі Жәнібеков қағаз бетіне былай түсіреді: «Интернатта жатамыз. Көрпе – төсек жоқ, үйден әкелген бір тілік киіз үстіне аунай кетеміз. Таң ертең 200 грамм қара нан мен бір кәмпит береді, қайнаған сумен шектелеміз». 1948 жылы орта мектепті бітітіріп, Алматыға келеді. Еңбектену негізінде КазПИ дің үлгілі оқу озаты ретінде бітіреді. Студенттік шағындағы өнерпаз-дығы музыка мен театр

өнерін ұштастыра алып жүруіне ықпал етті. КазПИ де ерлі зайыпты халық артистері Орлов пен Пироговалар басқаратын вокалдық сабаққа қатысып жүрді. Сондай-ақ, Қапан Бадыровжетекшілік ететін драмалық үйірменің белсенді мүшесі болды. Ғабит Мүсіреповтың Ақан сері-Ақтоты пьесасында балуан бейнесін керемет сомдайды. Қуанышы мен қиыншылығы қатар жүретін студенттік кезең аяқталып, жарқын болашаққа қадамы мұғалімдік қызметі еліміздің оңтүстік өңірі Өзбекстанмен шекаралас Келес ауданының Ленин жолы орта мектебінде басталды. Осы жерде өмірлік жары Шымкенттегі мұғалімдік институтты бітіріптуған ауылына келген Халикан есімді қызға үйленеді. Өзбекәлі Жәнібеков ұстаз болып жұмыс жасағанына шексіз бақытты болды. Жауапкершілігі жоғары жұмыс екенін түсініп барыпта жігерімен жұмыс атқарды. Сабақ беретін орыс сыныптарында соғыс уақытында жер аударылып келген поляк, грек, армян, татар, шешен, қарашай ұлт өкілдерінің балдары оқитын. Олардың басым көпшілігі соғыс кезінде оқудан қол үзіп қалғандықта, жер аударылғанға дейін өз ана тілдерінде сауат ашқандықтан орыс тіліне дағдылана қоймаған еді [2, 112 б.].

Ертеректе көңіл бөлінбей келген ұлттық қасиеттердің тереңге меңзейтін және шәкірттің тұлға болып қалыптасуына ықпал ететін негізгі фактор екенін сол мұғалім болып жүрген кезінде ұқты деген қорытындыға келеміз. Бұл жағдай келешекте мемлекеттік қызметінде ұлтаралық қатынас-тардың ерекшеліктерін терең түсінуіне көмектеседі.

Өзбекәлі Жәнібеков замандастарына және келер ұрпаққа қалдырған үлкен ізі ол Арыстанбаб, Әзірет Сұлтан, Айша бибі, Қарақан Республиканың шығыстан батысына дейінгі тарихи ескерт-кіштері мен жазба еңбектерімен Ұлт тағдырын ұстап тұрған өнер, оны қайтадан қалпына келтіру жұмысы болды.

Келешегі мол азаматтың тағдыр тағлымы, ұстазына да байланысты екендігі белгілі. Солардың бірі Өзбекәлі Жәнібековтың мемлекеттік және қоғамдық қайраткер болуына және ұлағаттық жұмысқа «болар бала бесігінен» азаматтық, тәрбиелік, қамқорлық жұмыстарын қолданынан келгенше аянбағандығы белгілі. Алғашқы комсомолдық баспалдақтармен еңбек табалдырығына бастаған кезде ағалық қамқорлық жасаған ұстазының бірі – Қайырғали Байғалиев (1916-1962), өз заманында Торғай облысының партия комитетінің хатшысы қызметінен, Қазақстанның мәдениет Министрі, Сыртқы істер министрі, өмірінің соңғы кезінде Министрлер Кеңесінің діни басқарма-сының басшысы жұмыстарында қызмет еткен. Ол кісі Өзбекәлі Жәнібектың комсомол жұмысына күнделікті қадағалау жасап, облыстық комсомол комитетінің мектептер жөніндегі хатшылыққа баруына көмек жасаған. Өзбекәлі Жәнібеков өз естеліктерінде: «Менің жеке басыма тікелей ықпал еткендер жайлы сөз қозғайтын болсам; олардың қатарына ең алдымен Оңтүстік Қазақстан облысының комсомол комитетінің сол кездегі бірінші хатшысы Әділ Қабышұлы Байжановты, Қазақстан ЛКЖО Орталық комитетінің бірінші хатшысы Қосай Әлікұлұлы Егізбаевты жатқызар едім. Мені қайран қалдыратыны өзіме қамқорлық еткен осы екі азаматтың өмір жолының ұқсастығы, рухани көзқарастық, мінез-құлықтық жағынан бірін-бірі қайталамайтын деңгейде. Екеуі де өміршен, әзілқой, мейлінше қарапайымжандар болатын. Жасыратыны жоқ. Ә. Байжанов-қа «құсап бағам» деп еліктей жүріп, ұстамдылыққа үйрендім, мінбеден шешіле, серпіле сөйлеуге дағдыландым, өз ойымды әр түрлі қимылмен де жеткізуге тырысатын болдым деп ұстаздарының қағидалары жайлы ой қозғайды»» [3, 19 б.]. Өзбекәлі Жәнібековтың жүрегінің кеңдігі, барлық нәрсеге жанашырлықпен қарайтындығы, елінің қазыналы байлығы тарих пен дәстүрдің, ұлттық мәдениеттің, тілдің сақталуына деген қамқорлықтың ұстаздарынан келгендігін аңғарамыз. Қазақстан Компартиясы Шетелмен байланыс жасау бөлім меңгерушілігінен, 1977-1987 жылдары Мәдениет Министрлігінің орынбасары, Алматы облыстық кеңестік сессиясында облатком төраға-сының орынбасары болып сайланып жұмыстар атқарды.

ҚР Мәдениет Министрі және Қазақстан Орталық партия комитетінің хатшылығы қызметтерін барыпта-жігерімен, табандылықпен өз қажырлығы арқасында мүлтіксіз атқарғандығы Өзбекәлі Жәнібековтың өз халқы, ұлты алдындағы адамгершілік, парасаттылық борышын толығымен ақтай білген қайсар «жүйрік тұлпардай» еңбек етіп, халқының алдында үлкен сыйға ие болғандығы ақиқат.

Орталық партия комитетінде бірге жұмыс жасаған, қазақ ғылымының бір тұлғасы іспеттес, тюрколог, ғалым Мырзатай Жолдасбеков: «Нұрлы жүзді, әдемі қоңыр үнді, жаратылысы бөлек Өзбекәлі ел тарихы мен мәдениетінің білгірі қасиетінің тұнып тұрған тұнбасы, ойдың тереңі, халқымыздың кескіні мен келбеті, қайраты мен айбаты еді, арысы еді, дара тұлғасы еді, елінің асылы, қайыспайтын қара нары, шалыс баспайтын кержорғасы, тұлпары еді. Заманымыздың Бұқар жырауы Төлеби еді» деп Өзбекәлінің табиғат болмысын ерекшеліктерін айқындай түсті. Өзбекәлі Жәнібековпен мемлекеттік қоғамдық жұмыстарда көзқарастары мен өмірлік ұстаным-дары бір болған ғалым, академик Манаш Қозыбаевтың Өзбекәлі Жәнібеков туралы айтқан ғылыми тұрғыда, айтылған сөзерінен бір жүйеге келтіріп көрдік:

➤ Ауыл баласы, шалғайдағы Келес жағасынан шығып, педагогикалық білім алып, өмірге аттанған ғұмыры расыменде мәнді болды.

➤ Өзбекәлі өмір сүрген Ұлы ағаларының көшін жалғады. Тұлғасы намыскер, қазақ ұлтының баласы екендігін танытты. Осындай ер мінезімен Бауыржан Момышұлы сияқты да көрінетін кездері болатын.

➤ Отанға, досқа, жарына адал болды.

Ұлттың ұлылығын мәдениет қайраткеріміз былай сабақтайды: «Ұлттың ұлылығы ең алдымен оның тектестік, тұтастық деңгейінен, атадан қалған қанатты қазынасы, тілінен, өнегесі, өріс бола-тын тұрмыс салтынан, әдет-ғұрпынан, ұрпақтан-ұрпаққа алмасып келе жатқан асыл мұрасы дәс-түрлі өнеріне күштарлықтан көрінеді екен», - ұлттық қылықтың мәдениетінің өрістілігін көрсетеді.

Қазақтың құнды қазынасын, рухани байлығы мен өнерін, ұраққа насихаттау, оны көздің қарашығындай сақтауға тәрбиелеу, Өзбекәлінің көзі тірісінде қлттық өнердің керегесін керіп, уығын шаншып, шаңырағын көтеріп, қазақ мәдениетінің туын бүгінгі күнге жеткізе білді. Алаш үшін тер төккен әрбір азаматымыз бізге қымбат. Ондай біртума тұлғалардың еңбегін, өнегелі өмір жолын ұрпаққа дәріптей білу әр азаматымыздың парызы. Қазақ тарихы мен мәдени мұраларына айрықша көңіл бөлуінен Қазақстанның барлық облыс орталықтарында және қалаларында тарих, мәдениет және сәулет ескерткіштерін қайта қалпына келтіру шеберханалары ашылып, зерттеу істері ғылыми жолға қойыла бастағаны белгілі болып отыр. 1970-1980 жылдары қазақ даласында иесіз, қараусыз қалып бара жатқан тарихи және мәдени ескерткіштердің Арыстанбаа, Айша бибі, Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің қайта қалпына келтіру жұмыстарына белсене араласқан Өзбекәлі Жәнібеков түбі тереңге тартылған Жібек жолдары бойындағы орналасқан Тараз, Алматы, аймақ-тарындаулықен зерттеу жұмыстарын қатар жүргізген. Әсіресе, Тараз аймағындағы тарихи ескерт-кіштерді зерттеуге бірнеше жылғы еңбегі куә. Зерттеу жұмыстары тарихи ескерткіштердің тарихына үңілуіне ықпал етті. Тараз қаласы Даллос Талас деген атпен 568 жылдан белгілі. VII ғасыра Тараз Ұлы Жібек бойынан бой көтеріп, 751 жылы оны Арабтар жаулап алған. 766 жылы Қарлұқтар, IX ғасырдан бастап самариттерге бағынған. X-XI ғасырларда Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанда Қараханидтер, XIII ғасырда Моңғолдар шапқыншылығына дейін біресе қарақытай-лықтарға, біресе наймандарға ақыры Хорезм шахы Мұхаммед Ибн Текештің уысына түседі. Содан кейін Монғол шапқыншылығына ұшырап қирайды. Тараздағы көне заманғы ескерткіш Тараз моншасы. Оның қалдығын 1938 жылы археолог ғалым А.Н. Бернштам тапқан [3, 212-213 бб.].

Өзбекәлі Жәнібеков 1977-1988 жылдардан бастап археологиялық, тарихи сәулеткерлік және мәдени ескерткіштерді мемлекеттік қалпына келтіру жұмысына белсене араласады. Бұл кезде ол кісі Қазақ ССР Мәдениет Министірінің орынбасары қызметінде болатын. Осы қызметке барған кезде Республикада 25 000-ға жуық, тарихи, археологиялық, сәулеткерлік және мәдени ескерткіш-тер, 15 000-ға жуық қол өнерінің туындылары, зергерлік заттар, киім-кешек үлгілері, қару-жарақ, құрал сайман үй жиһаздары шоғырланған екен. Өзбекәлі Жәнібековтың қазақ киім үлгілеріне қатысты пікірін былай білдіреді: «Қазақы киімге байланысты құнды мәліметтер табуға болатын араб-парсы-қытай-армян жазба деректері әлі зерттелмей келе жатыр. Оған қатысты біршама мәліметтер археологиялық қазбалардан белгілі. Мәселен, Отырар алқабындағы Кедер қаласының орнынан VIII-IX ғасырларға жататын оюлы тақтайда салтанатты киінген түркі-қаңғыр ақсүйек-тері бейнеленген. Дегенмен қазба

материалдар тұрмыстық археологиямен айналыспағандықтан өте мардымсыз. Сондықтан қазақы киімді киетін соңғы ұрпақ ауыспай тұрғанда, музей қорында сақталған киім нұсқаларына жаратылған кездеме, тері, бығары ескірмей тұрғанда, оны зерттеуге асығу қажет. Далалық экспедицияларды, киім үлгілерін жинауды жоспарлы, кең көлемде жүргізе берумен қатар, музей қорының мән-мазмұнын да біршама тереңдеп зерттеп жазған жөн. Халық-тық киім үлгілерін көркемөнерпаздар, әуесқойлар үшін жеңіл және жергілікті өнеркәсіп орындарында көптеп шығаруды жақсарту қажет. Сонда бұл оның заттық-тұрмыстық мәдениеттің құрамдас бөлігі ретінде сақтау мен пайдалану ісіне қосылған үлкен үлес болар еді» [4]. Мұндай үлкен ауқымды жұмыстарды қалпына келтіру мақсатында Орталық комитеттен қаулы шығартып, кішігірім шеберханалар орнына «Казреставрация» бірлестігі негізінде «Казпроектреставрация» жобалау конструкциялық институтын құрды.

1977-1981 жылдарда қайта қалпына келтіру жұмысының көлемі 300 000 сомнан 3,5 млн сомға дейін өсті. Ал, 1984 жылы жобалау және қалпына келтіру жұмысының көлемі 9 млн сомға жетті. Орасан зор мұндай жұмыстарды атқаруды жүзеге асырған Қазақстанға еңбегі сіңген құрылыс-шылар: Арынбек Оразбаев, Нышан Өмірзақов, Софья Тәкібаева, сәулеткерлер Алексей Проскурин, Баян Тұяқбаева, өнер қайраткері Шәміл Қожанов есімдерін Өзбекәлі Жәнібеков мақтан тұтқан. Осы жылдары жүйелі жоспар негізінде: Алаша хан, Жошы хан, Аяққамыр, Болған ана күмбездері, Семейде жалқы мұнаралы, қос мұнаралы мешіттер, қаланың бұрынғы қақпасы, Қызылжарда Жанғазаровтардың үйі, Алматыда «Қызыл таң» сауда орталығы, Кафедралды собор, бұрынғы үш кластық училище, Офицерлер үйі, Ұзынағаш түбіндегі Жамбылдың кесенесі мен әдеби мемориалдық музейі, Оңтүстік Қазақстанда Арыстанбаб кесене мешіті, Баба Ата, Ысмайыл ата, Жүніс Әулие күмбездері, Қызылордада Ақтас мешіті, Кафедралды собор, Айтбай мешіті, Жамбылда Бабаша Хатун, Шамасұр, Қарахан күмбездері, Қалижүністің медресе мешіті, монша-сы, Үшарал мешіті, Маңғыстауда Ақүйік, Сенек күмбездері, Шақпақ ата, Қапаш мешіттері, Форт Шевченкода Ыдырыс Серікбайұлының үйі, Жезқазғанда Домбауыл. 1970 жылдарға дейін Республикада музейлердің саны 30 болса, Өзбекәлі Жәнібеков Мәдениет министрінің орын-басары қызметін атқарған жылдары оның саны 79 ға жеткен [4]. Сол кездегі әйгілі музейлердің қатарына Сәбит Мұқановтың мемориалды музей үйін жатқызуға болады. Музей үйдің жасақ-тауына Сәбит Мұқановтың жары Мариям апай, музей безендірушісі, суретші Аманжол Найманбай, ғылыми қызметкері Құлбек Ергөбек, қызметкер Ангелия (Ғ. Мүсіреповтың қызы) белсене қатысты. Ол мемориалды музей үйі айта қаларлықтай жұмыс істеп тұр. Еліміздегі қай қаланың музейіне бармайық, Өзбекәлі Жәнібековтың қолтаңбасы көрінеді.

Өзбекәлі Жәнібеков мәдениет министрлігіне қадам жасай сала қазақтың сәулет ескерткіштеріне назарын аударды. Ол 400-ге жуық археологиялық нысандарды қайта қалпына келтірді. Соның ішінде Қожа Ахмет Ясауи кесенесін ереше атап өту керек. Кеңес өкіметінің саясатына қарамай, кесенеде жерленген хандар мен сұлтандар, билер және батырлардың құлпытастарын музей экспозициясына қойды. Атеистік қоғамда Қожа Ахмет Ясауидің мұрасы мен іліміне бетбұрыс жасады. Құлыптастардағы араб тіліндегі жазуларды да қазақ тіліне аударуға атсалысты. Ол кезде кесененің сән-салтанаты болған атақты Тайқазанның орны бос тұрған. Оны 1935 жылы Ленинградқа (қазіргі Санкт-Петербург) қаласында өткен Иран шеберлерінің III Халықаралық конференциясына үш айға апарған. Бірақ кері қайтарған жоқ. Араға 54 жыл өтіп, 1989 жылдың 18 қыркүйегінде Тайқазан тарихи отанына қайта оралды. Бұл жерде Өзбекәлі Жәнібековтың ерең еңбегін мақтанышпен айту керек. Арыстан баб кесенесінің жұма мешітін қалпына келтіруге кіріскенде Атеизмнің шарықтау кезеңінде тұрған Кеңес үкіметі рұқсат бермейді [5]. Осы кезде Өзбекәлі Жәнібеков айлаға көшіп, Отырардың суландыру жүйесінің экспозициясын жасаймыз деп, кезінде құлатылған мешітіне реставрация жасайды.

Өзбекәлі Жәнібеков 1981 жылы жарық көрген Ергөбек Құлбектің «Жан жылуы» атты кітабын саралағанда, музей қызметкерлерін жиып: «Бізде өмір бойы музейде қызмет істеп, жалғыз жол жазбаған кісілер көп. Ал мына университет қабырғасынан жаңа шыққан бала музей жайлы кітап жазды» деп Қ. Ергөбектің кітабы арқылы музей қызметкерлерін жаңа міндеттерге міндеттегендігі, музей жұмыстарының жаңаруына, жұмыстың алға жүруіне

жасаған еңбегі екендігі деп түсінген жөн болар. Музейде жиналған жәдігерлерді зерттеп ғылымға айналдырды.

Өзбекәлі Жәнібеков Қазақстан Республикасын әр жылдары әр деңгейде басқарған Шаяхметов, Оңдасынов, Омаров, Тәшенов, Тәжібаев, Қонаев, Юсупов, Пономоренко, Браежневтің көзін көрген. Біразымен азды көпті қызметтес болды. Солардың арасында ерекше жан тартып жақсы көргені, ағалап алға ұстағаны – Оңдасынов және Омаров. Егер тереңірек талдау жүргізер болсақ Нұртас (Нұрмұхамед) Оңдасынұлы қазақтың жерін көрші республикаларға үлестіруге, қазақ жастарынан бірінғай шопан шығаруға қарсылығы үшін 1959 жылы жасына жетпей зейнет-керлікке шығарылып, Москваға біржолата қоныс аударып кеткен кісі [7, 176 б]. Алғаш сауатын арабша ашқан Нұртас Оңдасынов әсіресе, Түркістанға Қожа Ахмет Ясауи Мавзолейі жайында жиірек сұхбаттасады. Советтік саясаттан аяқ тартып, Мавзолейге күтім жасата алмағанына, онда мәңгілікке дамылдап жатқан ұлы әруаққа тағзым ете алмағанына өкінген еді. Кезінде қазақ үкіметін абыроймен табандатқан 13 жыл басқарған азамат ағаның өкініші бой тұмардай болып үнемі Өзбекәлінің ойында жүретін. Ақыры ойын жүзеге асырып Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің реставрациясына жетекшілік етеді. Уақытысында осы мәселе бойынша Жұмабек Тәшенов Оңдасыновтың осы ерлігін қайталап, қасқайып қарсы тұрып, тіпті Н.С. Хрущевпен «боқтасуға» дейін барып, елі, елінің жері үшін өзін құрбандыққа шалып, ол да оңтүстікке жер аударылады (қызмет барысымен).

Бұрын кинотехникумның директоры, обком хатшысы, Орталық Комитеттің хатшысы, Жоспарлау Комитетінің төраға орынбасары болып қызмет етіп келе жатқан Ілияс Омаров алпысыншы жылдардың аяғында Мәдениет министрі болып тағайындалды. Саяси ойындардың қақпақылына айналып көрген, Москваның озбырлығына кеудесін тосып та байқаған Ілияс Омаровтың денсаулығы сыр беріп, жұқарып жүрген бір шағы еді. Десекте, денсаулығының сыр бергеніне қарамастан Ілияс Омаров қазақ мәдениетінің «денсаулығын» түзеп кетті. Оған бұл жолда жақсы жәрдемші бола білген адам – Жастар ұйымының жалынды жетекшісі Өзбекәлі Жәнібек. Бұрын ақыл-кеңесін ала отырып, жастарды мәдениетке, өнерге баулыған Өзбекәлі енді Ілияс Омаровтай даңғылмен ақыл-ой біріктіре отырып, ілкімді қимылдап, қазақ мәдениетін өрелі өріске шығарып үлгерді [8, 67-68 бб.].

1970 жылдың күзінде Ілияс Омаров асқазан «обырынан» көз жұмды. Көз жұмарынан біраз брын Өзбекәлі Жәнібекті арнайы шақырып, бірсыпыра аманат ойларын айтады. «Советтік медицинаның маған енді өкпесі жоқ шығар. Коммунистік партияның да маған өкпесі болмас енді. Өлер шағымда қазақ болып өлейін. Мұсылманша жерлеу ұйымдастырындар. Молда жаназамды шығарсын!»

Алдындағы ақылшы ағаның көз жұмуы Өзбекәлі үшін асқар тауының құлауына пара-пар. Жаны құлазыған шағында комсомол жұмысында енді ұстап отыра берудің жөні жоқ екені өзіне де, өзгеге де аян еді. Өзіне айтылмай, Шымкент облыстық партия комитетінің екінші хатшылығына сыртынан ұсынылып, «ұлтшыл» мінезіне қарай «құлайды». Бұл хабарды Өзбекәлі Жәнібеков кейін білді. «Апыр-ау, қазақ бола тұра, Республиканың негізгі ұлттық құрамы – қазаққа қызмет етпесең, ұлтыңның есесі кетеді, қазаққа қызмет етесің – «ұлтшыл» атанып, «шөміштен қағыласың». Қызық екен...» - деп ойлаған сыртынан ойналған сахнаның жайын естігенде. Бірақ, өкініш сезіміне орын бермей, қызмет үшін ұстанымынан заматында айнитын «талкүбі» Өзбекәлі Жәнібек емес!

1970 жылы қарт Торғай облыс болып құрылатын болды. Жастар ұйымының жетекшісін Қазақстан КП Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Д.А. Қонаев қабылдайды. Д.А. Қонаев мейірлене сөйлеп: «Комсомолда істеген қызметіңе дән ризамыз, Өзбекәлі. Бұдан әрі Жастар ұйымында жүре беруге жасың асып барады. Шымкент облыстық партия комитетінің екінші хатшылығына ұсынсақ деп едік, өзің бас тартыпсың. Москвамен сөйлесіп, шет елге елші етіп жібергіміз келген. Отбасылық жағдайыңа байланысты... «Партия сені енді жаңа құрылған Торғай облысына өзіңнен сұрамай-ақ міндеттеп жібергелі отыр!» Кадрды Мәскеу бекітеді. Хатшы жаңа құрылғалы жатқан облыстың басшыларын бекіткелі қабылдап отырып: «О, комсомол да осында екен ғой. Болады облыс» - деп жіберіпті. Бәлкім Л.И. Брежневтің кезінде Қазақстанда қызмет атқарғаны, бәлкім республиканың жалынды Жастар ұйымының жетекшісі

– Өзбекәлі Жәнібектің Одаққа танымалдығы себеп. Оның бір себебі Өзбекәлі Жәнібекті торғайлықтар елден ерек сүйіпті. Тіпті облыстың бірінші басшысы С. Құсайыновтың өзі: «Мен Өзбекқалидай сауатты емеспін, жұмысшымын. Барлық саяси, мәдени мәселелерді Өзбекқалимен шешіндер» деп отырар екен. Торғай асылында, қазағы мол, қазақы өңір. Тілі қазақша. Ділі – қазақ. Тұрмыс тіршілігі қазақтың салт-дәстүріне негізделген [9, 59-63 бб.]. Бұған Өзбекәлі Жәнібек қуанбаса, ренжи қойған жоқ. Бірақ, СССР-ді құрушы, жасақтаушы ұлт – орыс та, жергілікті ұлт – құраушы, жасақтаушы қосал-қы түрде қатысатындар санатына саналып қалған кез. Бастауыш партия ұйымының жиынынан облысқа дейін жиналыс атаулы «ұлы орыс тілінде» жүреді. Бір орысы төбе көрсетпейтін бөлімше, совхоз, аудан, облысқа дейінгі жағдай – орыс тілінде зорлап байланған. Қайда да орыстың мысы басым. Қайда да бірінғай қазақтың басында «саптыаяққа қымыз құйып, сабасынан қарауыл» (М.Әуезов) қарап орыс нәсілі басшы жүреді. Өзбекәлі Жәнібектің шалғай ауданда саяси жиынның өзінде қазақша сөйлеп, қағазға қарамай баянама жасауы ел арасында аңызға айналып, неше түрлі қоспамен қанат қағып бара жатты. Орысшаға еріксіз баулына бастаған өңірде осыдан кейін қазақ тілі табиғи өрісімен қанат қақты. Өзбекәлі Жәнібектің кешегі қысаң кезеңдегі бір өнегесі міне, осындай! Шын мәнісінде, қазақ тілінің мәртебесін көтеретін де, түсіретін де халықтың өзі.

Өзбекәлі Жәнібековтың мемлекеттік және қоғамдық қызметіндегі ұлттық тарих пен мәдениетке деген сүйіспеншілігі мен жауапкершілігінің тәрбиелік мәні зор. Десекте бұл тарихи тұлғаның елге деген адал қызметі мен қатар қазыналы бола алатын шығармаларының тәрбиелік құндылықтарын зерделеп көруді жөн көрдік.

1982 жылы жарық көрген «Қазақ қол өнерінің мәдениеті» атты еңбегі тарих пен этнография-мен тығыз байланысты саналатын қазақ қолөнерінің негізгі дәстүрлі түрлерімен таныстырады. Ол Қазақстанның оңтүстігіндегі стационарлық тұрғын үйді, ұстахананы, сондай-ақ ұлттық киімдерді қайта жаңғыртуды қамтамасыз етеді, республиканың мұражай қорларынан және жеке коллекция-лардан XVIII-XX ғасырлардағы халық шеберлерінің туындыларын басып шығарады. Бұл еңбекті қазақ қол өнерінің қайта жаңғыруы десек қателеспейміз.

1991 жылы баслып шыққан «Эхо.... По следам легенды о золотой домбре» атты еңбегі қазақ халқының тарих және этнографиясы мен таныстырады. Алғашқы бөлімдерінде қазақ халқының өмір салты мен салт-дәстүрлерін, қоғамдық құрылысын сипаттайтын даму мен сабақтастық орын алған. Құнды еңбекте қазақ халқының революцияға дейінгі отырықшы шаруашылығы ерекше назар аударады, сол уақыттағы қазақ халқының киім үлгісінің болашағы, дәстүрлі өмір салты автордың қызығушылығын арттырғанын байқау қиын емес. Музыка, би және фольклорлық өнер қарастырылған бөлімнің болуының өзіндік ерекшелігін анықтады. Себебі Өзбекәлі Жәнібеков арнайы өзі ұмытылған әндер мен билердің қайта жағыруына атсалысып, фольклорлық этнографиялық ансамблдің қалыптасуын ұйымдастырады. Бұл кітаптың ерекшелігі автор ұмыт болған тарихшылар мен этнографтарды, фактілік материалдарды, қазақ халқының мінезін қалыптас-тырып толықтыратын бояуы сіңіп кеткен аңыздар мен әңгімелерді іздеп осы еңбегіне қосқан. Әрбір бөлім түрлі-түсті суреттермен әшекейленген. Көптеген суреттер алғаш рет басылып шығуда. «Эхо...» еңбегі Өзбекәлі Жәнібековтың ғылыми ізденісі мен баянды еңбегінің нәтижесі екендігін айқындайды.

1992 жылы жарыққа шыққан «Уақыт керуені» Өзбекәлі Жәнібековтың мұнан бұрын орыс тілінде шыққан «Эхо» атты кітабының көпшілік тілегін ескере отыра, толықтырылып қазақ тілінде қайта жазылған түрі. Сапалы қағаз ташылығына байланысты слайдсуреттер берілмеді. Кітап автордың қазақ тарихы мен жасампаздығына байланысты өзі зерттеген мәселелер бойынша тарихшы – этнографтардың, өнер мен әдебиеттанушы ғалымдардың қаперінен тыс қалып келе жатқан жайттарға баса назар аудара білгендігімен де құнды.

Өзбекәлі Жәнібековтың 1996 жылы оқырмандарға жол тартқан «Тағдыр тағылымы» атты еңбегінен ұрпақ тәрбиесін жақсартуға, ұлттық мәдениетті дамыту ісіне, халқымыздың дәстүрлі өнерін танытуға қосқан үлесі жайында баяндалады. Бұл еңбектің екінші бөлімі 1997 жылы шығады. Бұл еңбек өмірбаяндық хикая емес. Қоғамның белсенді мүшелерінің бірі ретінде

Өзбекәлі Жәнібеков өзінің бастан кешкен, көріп-білген жәйттерімен қоса, айналадағы әлеуметтік ортаға, ел тағдырына қатысты, тарих пен мұратанумен, елтанумен, сайып келгенде, қазақтанумен ұштасып жататын қазіргі заманғы көкейкесті мәселелерге де тоқтала кеткенді жөн көрген. Кітап екі тараудан тұрады. «Үміт және күдік жетегінде», «Ата қоныс алтын ордам бесігім» деп аталатын тарауларда есте қалған, азаматтық парыз, жаңа заман айшықтарын баяндайды.

1995 жылы жарық көрген Өзбекәлі Жәнібековтың «Жолайырықта» атты еңбегі қазақ қоғамының айналадағы ортаны әлеуметтік және эстетикалық тұрғыдан игерген іс-тәжірибесімен тікелей байланысты халық сәулеткерлігіне арналған туындысы. Кітап қазаққа қатысты этно-графиялық әдебиетте алғаш рет жылжымалы баспана мен тұрақты мекенжай үлгілерін ғылыми жағынан жіктестіргенімен ғана емес, оларды мемлекеттік есепке алу, қалпына келтіру, қорғау, өнегелі тұстарын қазіргі тұрмысқа пайдалану арқылы халқымыздың еткен өміріне, тұрмыс-салтына, наным-танымына, талғамына, өндіргіш күштеріне, құрылыс мәдениетіне ілтипатпен қарауға ынталандыратынымен де құнды.

Өзбекәлі Жәнібековтың шығармаларын саралай келе жойылып кетуге жақын қалған қазақ халқының тарихы мен мәдениеті, салт-дәстүр ерекшеліктерін болашақ ұрпаққа мұра ретінде қалдыруға барлық күш жігерін салған.

Қорытынды. Өзбекәлі Жәнібеков өзінің саналы ғұмырында адам бойындағы асыл қасиеттерді аша біліп, нағыз дарынды жастардың жолын ашып, үлкен сахнаға баулыған өнер жанашыры. Ұстаздық еңбегі мен өнерлі жастарға қамқорлығы жайлы көрнекті ғалым, академик Зейнолла Кабдоловтың ойын ортаға салуды жөн көреміз. Бұл мағлұмат қазақ радиосының алтын қорында сақталған. Өзбекәлі Жәнібеков асқақ армандарды жүзеге асырған тау тұлға. Адамдардың неге қабілеті бар, соны өсіруге күш жігерін жұмсаған ұлт жанашыры. Өзбекәлі Жәнібековтың қазақ тарихында алатын орны ерекше. Қазақтың әдет – ғұрпын ұпытпау үшін істеген ісі ұшан теңіз. «Бұлақ көрсең көзін аш» деген нақыл сөз біздің ардақты Жәнібековке арналғандай. Дарын-ды жастарға қамқор болып, олардың қанаттануына, сахналық шеберлігін шындауына ерекше көңіл бөлді. Солардың бірі Мадина Ералиева еді. Әншінің өнерін мойындаған Өзбекәлі Жәнібеков «Адырна» ансамблін құрып, сол ұжымға әнші ретінде қабылдайды. Әншінің жұлдыз болып танылуына бірден бір септігін тигізген. Академик Әбдуәли Қайдаров Өзбекәлі Жәнібеков туралы естелігінде: «Өзбекәлі туралы көп айтуға болады да, аз айтуға да болады. Ол кісінің қазақ халқына жасаған жақсылығы, игілікті істері мол. Қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе әперуге байланысты біз бірігіп еңбек еттік. Ақтаңлақтарды ақтап алуға байланысты көп ақылдасушы едік. Өзбекәлі тура-лы айтылып жатыр. Ол кісінің артына қалдырып кеткен ғылыми еңбектері баға жетпес қазына. Қолға алған нәрсесін аяқтауға тырысатын. Қазақ тілі қоғамын құруға мен мұрындық болсам да Озағанның көмегі көп болды. Тілімізге мемлекеттік мәртебе беру деген ол үлкен іс. Сондықтан бұл іске халықты араластыру керек. Халықтың санасын ояту керек болды. Осы істердің барлығы-на жол көрсетіп келген Өзбекәлі Жәнібеков еді...». Тарихи Тұлғасынан рухани адамгершілігі мол, ұлт жанашыры, мәдениет пен қазақ тарихын жандандыратын өз елінің патриот азаматы болып қалыптасатын жас ұрпақ үшін Өзбекәлі Жәнібековты жан-жақты зерттеу бүгінгі ұрпақтың парызы. Тарих қойнауына үңіліп, қанағатпен күн ақешкен халқымыздың өмірі мен тіршілігін, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін зерттеп, ерлігі мен бірлігін паш етіп, тыныс-тіршілігін егжей-тегжей зерттеп, келер ұрпаққа баға жетпес құнды еңбектері мен өсиетін қалдырған халқымыздың біртуар ірі тұлғаларының бірі – мемлекет қайраткері, белгілі этнограф, тарихшы-ғалым Өзбекәлі Жәнібековтың еңбегінің жыл артқан сайын құндылығының арта түсері ақиқат.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жәнібеков Ө. Таңдамалы шығармалар жинағы. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2011. 1-кітап 320 б.
2. Қозыбаев М. Қозыбаев Манаш, Тұлғалар тұғыры [ҚР Мәдениет және ақпарат министрі; Ақпарат және мұрағат комитеті]. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2009 – 540 б.

3. Ерғәбек К. Рух сарбазы. [ҚР Байланыс және ақпарат министрлігі] Алматы: ҚАЗАқпарат, 2011 – 320 б.
4. Ерғәбек К. Өзбекәлі Жәнібек кім? // Ардагерлер тынысы, № 9 (25), қыркүйек, 2021 жыл. 13-15 бб.
5. Иманбаева А. (Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері) Көненің көзі // Мәдениет, №8 (144) Тамыз, 2018 жыл. 22-23 бб.
6. Әмірбек К. Өзіміздің Өзағаң // Қазақ әдебиеті, № 33, 26 тамыз, 2022 жыл. 3-5 бб.
7. Ардабек Б. Өзбекәлі Жәнібек (Ғұмырнамалық деректі хикаят). Алматы «ҚАЗАҚСТАН» 2021 ж. 384 б.
8. Ардабек Б. Рух сардары (Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, этнолог Өзбекәлі Жәнібектің туғанына 75 жыл толуына байланысты өткізілетін ғылыми-теориялық конференцияға орай). Түркістан: ХҚТУ «Тұран». 2006, 392 б.
9. Бодаубай Б. Таңғаламын өмірдің гажабына: сыр-сұхбатқа құрылған ғұмырнамалық роман - Астана, 2017 ж. – 320 б.
10. Арыс: энциклопедия / [ред. Ә. Ағыбай, Е. Балташұлы.: Арыс қаласы «Ішкі саясат бөлімі»] – Шымкент: Аламан береке, 2016.- 480 б.
11. Елеуєнов Ш. Көп томдық шығармалар жинағы. Т.8 / Елеуєнов; [ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі]. – Алматы, 202ж – 384 б.
12. Жолдасбеков М. Сөзді ұғатын кез келді. Астана: мақалалар, сұхбаттар, ой толғамдар/ М. Жолдасбеков.-Астана, 2007.-352 б.
13. Өзбекәлі және мәдени майдан: [отбасы хрестоматиясы] / [ред. С. Нұрқабекұлы]. – Алматы: Отбасы, 2023 жыл.-384 б.
14. Әкімқұлұлы Е. Жәнібеков Өзбекәлі: (Ғұмырнамалық деректі хикаят)/Е. Әкімқұлұлы.- Алматы: Қазақстан, 2006.-240 б.
15. Әлемдік педагогикалық ой-сана: 10 томдық. Т.10: XV-XX ғғ. Қазақ ойшыл оқымыстыларының тәлім-тәрбие туралы ой пікірлері / [құраст. С.Қ. Қалиев; ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі; ҚР білім және ғылым министрлігі. Б. Алтынсарин атындағы ұлттық білім беру академиясы]. – Алматы: Таймас, 2010.- 400 б.

References:

1. Zhanibekov O. A collection of selected works. - Almaty: KAZakparat, 2011. Book 1, 320 p.
2. Kozybaev M. Kozybayev Manash, Stand of personalities [Minister of Culture and Information of the Republic of Kazakhstan; Information and Archives Committee]. - Almaty: KAZakparat, 2009 - 540 p.
3. Ergobek K. Spirit Soldier. [Ministry of Communications and Information of the Kyrgyz Republic] Almaty: KAZakparat, 2011 - 320 p.3. Ergobek K. Spirit Soldier. [Ministry of Communications and Information of the Kyrgyz Republic] Almaty: KAZakparat, 2011 - 320 p.3.
4. Ergobek K. Spirit Soldier. [Ministry of Communications and Information of the Kyrgyz Republic] Almaty: KAZakparat, 2011 - 320 p.
5. Imanbayeva A. (Honored figure of Kazakhstan) The eye of old // Culture, No. 8 (144) August, 2018. pp. 22-23.
6. Amirbek K. Our Own Heart // Kazakh literature, No. 33, August 26, 2022. pp. 3-5.
7. Ardabek B. Uzbek Janibek (documentary story from Gumyrnama). Almaty "KAZAKHSTAN" 2021 384 p
8. Ardabek B. Leader of the spirit (on the occasion of the scientific-theoretical conference held on the occasion of the 75th anniversary of the birth of the prominent state and public figure, ethnologist Uzbekali Zhanibek). Turkestan: ХКТУ "Turan". 2006, p. 392.
9. Bodaubai B. I am amazed at the wonder of life: a biographical novel based on secret interviews - Astana, 2017. - 320 p.
10. Arys: encyclopedia / [ed. A. Agybay, E. Baltashuly.: Arys city "Department of Internal Policy"] - Shymkent: Alaman Barek, 2016. - 480 p

11. Eleukenov Sh. *Multi-volume collection of works. Volume 8 / Eleukenov; [Ministry of Culture and Information of the Kyrgyz Republic]. - Almaty, 202 - 384 p.*
12. Zholdasbekov M. *It's time to understand the word. Astana: articles, conversations, thoughts/ M.Zholdasbekov.-Astana, 2007.-352 p.*
13. *Uzbek and cultural front: [family book] / [ed. S. Nurkabayev]. - Almaty: Family, 2023.-384 p*
14. Akimkululy E. *Zhanibekov Uzbekali: (Gumyrnamaly documentary story)/E. Akimkululy.- Almaty: Kazakhstan, 2006.-240 p.*
15. *World pedagogical thought: 10 volumes. Vol. 10: Opinions of Kazakh intellectuals of XV-XX centuries about education / [comp. S.K. Kaliyev; Ministry of Culture and Information of the Republic of Kazakhstan; Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan. Y. National Academy of Education named after Altynsarin]. - Almaty: Taimas, 2010. - 400 p.*